

Келісемін: 

№35 «Шұғыла» бобекжайының
әдіскері Калдышева Н.З

Бекітеміш:

№35 «Шұғыла» бобекжайының
менгерушісі м.а Жаденова Ж.Ж



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-
2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары

ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
«Шапагат» ересек тобы

Дене шынықтыру индекашысы: Спортив Б.М

2023-2024 оқу жылы

Бекітемін _____

МДҮ менгерушісі: _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2023 -2024 дene шынықтырудан ересек тобына арналған

ұйымдастырылған

iс-әрекеттің перспективалық жоспары

Қыркүйек айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған iс-әрекет	Ұйымдастырылған iс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жакқа, жогары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жакқа бұрылғанда екі қолды екі жакқа жіберу. Оңға, солға иілу, енкею, шалқаю; алға енкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі қолды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяқтың ұшымен көтерілу; екі аяқты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Катарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяқтың ұшын созу, табанды бұту.</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, кол мен аяқ қимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау;</p> <p>Музыкалық-ыргақтық жаттығулар.</p> <p>Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқында таныс дene жаттығуларын орындау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>1) кегель ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта</p>

		дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр арақашықтықтан кегельдерді қағып түсіру.
--	--	---

Қазан айы 2023жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Казан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жұру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдал, жан-жаққа қосалқы кадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жұру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жұру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Тепе-төндікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жұру, сызықтардың, арқаның, тактайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренениң бойымен жұру. Қимылды ойындар</p> <p>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Таныс ойындарды үйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу.</p> <p>Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.</p>

Қараша айы 2023 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Караша	Дене шынықтыру	<p>Негізгі кимылдар:</p> <p>Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдаш жүгіру, сапта бір-бірден, шенбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындаі отырып: шашаң және бауу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде бауу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сырткы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Тамақтанар алдында, дәретханага барғанинан кейін, ластанған кезде колды өз бетінше сабынмен жууга үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p> <p>Кимылды ойындар</p> <p>Кимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.</p> <p>Кимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сактауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p>
--------	----------------	---

Желтоқсан айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	------------------------------	---

<p>Желтоксан</p>	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеву. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тұра бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанга сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеву, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту;</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлышты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтүге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.</p>
------------------	---

Қантар айы 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Қантар	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, онға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (он және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сзықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктікten секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қысқа секіргішпен секіру;</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</p> <p>«Денсаулық-зор байлық» сезінің мәнін түсіну, өзінің жасаган іс-әрекетінің ағзага әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, сүйк тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды көңейту.</p>
--------	--

Ақпан 2024 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Ақпан	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Лақтыру, домалату, қағып алу.</p> <p>Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденен қойылған нысанага (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанага лақтыру; допты бір-біріне төмennен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (катарынан 3–4 рет);</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жаңына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшак ұстau және жақын тұру.</p> <p>Спорттық жаттығулар</p> <p>Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру</p> <p>Дене белсенділігі (танертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және кимылды ойындар) мен үйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.</p>
-------	--

Айы	Наурыз 2024 жыл
Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, онға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Онға, солға енкею, шалқао. Түрган қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жогары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзинен айналдыра домалату.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, кайтадан бұгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшени айналдыру.</p> <p>Дербес қымыл белсенділігі. Балалардың доптармен, козғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дene шынықтыру құралдарын, спорттық және кимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауга, кимылды ойындарға қатысуға тарту.</p>
--------	----------------	--

Наурыз 2024 жыл

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Сәүір	Дене шынықтыру	<p>Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұғу және жазу, тәмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға енкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бұғу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жаткан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру.</p> <p>Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, күм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқаның үстінен бір қырымен жұру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше кіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Екі, уш дөңгелекті велосипед тебеді, өңға, солға бұрылады;</p> <p>таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытады;</p> <p style="text-align: right;">Мамыр 2024 жыл</p>
-------	----------------	--

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Онга, солға бұрылу.</p> <p>Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық касиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үрету, ойын ережелерін саналы түрде сактауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p> <p>Дербес кимыл белсенділігі.</p> <p>Балалардың доптармен, қозгалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын колдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шарапалары</p> <p>Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шарапаларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамактанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпак табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау.</p> <p>Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
-------	----------------	---

Бұл қызметтің № 6-тегі номерленіп
тіркели.

Бебек мемлекеттік мәдениет

Жалғыза Ж.Ж

